

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№2 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы**

**17.10.2023 ж.**

**Қатысқандар:**

**АК төрайымы:**

1. Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

|    |                                       |  |
|----|---------------------------------------|--|
| 2. | Агабекова Ақтолқын Бекарысовна        | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 3. | Калимбетова Жансая Сейдахановна       | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 4. | Исабеков Жәнібек Назарбекұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, доцент м.а.      |
| 5. | Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 6. | Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич | - «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы                  |
| 7. | Қоканбай Ернар Жақсылықұлы            | - МЭЭ-211 тобының 2курс магистранты              |
| 8. | Ордабек Аяулым Бағдатқызы             | - АЭЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы           |

**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қолданыстағы ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру.
2. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістерін және құралдарын жобалау.
3. Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша білім алушылар контингентінің өсу немесе кему талдауларын жасау, соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты кейбір ББ-ларды реестрден алып тастау туралы ұсыныс жасау.
4. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу.
5. Қыркүйек айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Қолданыстағы ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру, оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістерін және құралдарын жобалау, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу барысы туралы, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан немесе жасалуы қажет жұмыстарды талқылап өтсек.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Худайбергенов Б.А күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша: 6B071 - «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыты мен «Кентау трансформатор зауыты» АҚ арасында 29.08.2014ж «Дуалды жүйені іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы шарт» құрылған болатын. Осы шарт негізінде қолданыстағы ББ-ға сапалы мамандарды дайындау, оларды еңбекпен қамту және ғылым саласындағы қарым-қатынастар орнатылып, оны дамыту мақсатында жұмыстар жасалып келеді. Теория мен

тәжірибені сапалы ұштастыру мақсатында «Кентау трансформатор зауыты» АҚ сұранысына сай қолданыстағы ББ-ға 24.07.2018ж №1 хаттамамен бірнеше пән енгізілген болатын. ББ білім алушылары енгізілген пәнді игере келе, нәтижесінде біліктілікті маман ретінде «Кентау трансформатор зауыты» АҚ жұмысқа орналасуда. Қазіргі таңда өндірісте 2, 3, 4 курс білім алушылары Өндірістік практика I, II, III өтуде, бітіруші түлектер дипломдық жоба тақырыптарын өндіріс орнындағы мәселелермен байланыстыра отырып зерттеулер жасауда, 2 курс магистранттары тағылымдамаларын біздің өндіріс орындарында өтуде, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып білімдерін шыңдауда. Электр инженериясы кафедрасының ғылыми бағыты бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жасалып, енгізу акттері түзілуде. Сонымен қатар практик маман ретінде қызметкеріміз Жаманкулов Е. Білім алушыларға арнайы пәндерден дәріс өтеді.

Қазіргі уақытта өндіріс орнындағы сұранысқа сай машина жасау саласы қазіргі таңда зауытта ішкі нарықты толық қамтып, өнімдерін экспортқа шығарып жатыр, яғни зауыттың қуаттылығы бүкіл Қазақстанға жетеді. Трансформатордың барлық жинақтауыш бөлшектері зауыттың өз өндірісінен өтеді. Сондықтан, «Машина жасау» ББ түлектері бізге ауадай қажет. 24.07.2018ж №1 хаттамадағы күн тәртібіне енгізілген «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша 6B07189 – Машина жасау ББ ашу мәселесі де жолға қойылған болатын, осы мәселе бойынша біршама жұмыстар жасалды. 2022-2023 оқу жылы аталған ББ Реестрге енгізіліп, оң сараптама нәтижесінде 6B07189 – Машина жасау ББ бойынша студенттер қабылдана бастады.

Алдағы уақытта осы ББ бойынша бітірген түлектер де «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-да сұранысқа сай маман ретінде жұмысқа тұратындығына сеніміміз мол. Үнемі қолданыстағы ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламаларына ішкі аудит жүргізіліп отырады, бағдарламаларды жаңартып отыру мәселелері талқыланып, өзгерістер енгізіліп отырады. 2022-2023 оқу жылында қолданыстағы 6B07153-Электр энергетикасы ББ жаңартылды.

*АК мүшесі Агабекова А.Б. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:* «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістерін және құралдарын жобалау мәселесі бойынша сөз қозғады. «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістері және құралдары ОПК тарапынан үнемі сабақ өту барысында қолданылып отырады. Пәнді, оның ішінде белгілі бір тақырыпты білімгерлер игеру барысында оқыту нәтижесіне жеткендігі туралы ОПК қадағалап отырады. Оқыту нәтижесіне қол жеткізу үшін әртүрлі әдістер мен құралдар қолданылады.

*АК мүшесі Исабеков Ж.Н. үшінші мәселе бойынша сөз алды:* 3. Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша білім алушылар контингентінің өсу немесе кему талдауларын жасау, соңғы 3 жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауына байланысты кейбір ББ-ларды реестрден алып тастау туралы ұсыныс жасау. Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша соңғы 3 жыл ішінде қолданыстағы барлық ББ – ларда контингент бар, сондықтан реестрден алынып тасталатын ББ жоқ. Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша 6B07189 – Машина жасау ББ реестрге енгізілді, Foundation тобына білім алушылар қабылданды.

*АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. Соңғы төртінші мәселе бойынша:* 4. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізу. 2023-2024 оқу жылы Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша екі ББ, яғни 6B07153-Электр энергетикасы және 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ аккредитациядан өтеді. Аккредитацияланатын екі ББ бойынша академиялық комитет мүшелері жоспар бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуде. Екі ББ-ның есептері, қосымшалары дайындалу үстінде.

*АК мүшесі, Бабахан Ш.А. Соңғы бесінші мәселе бойынша:* Құрметті АК мүшелері қазан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты қолданыстағы ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді, оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістерін

және құралдарын жобалау жұмыстары жасалды, аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеу жұмыстары жасалды. Барлық жұмыстар жоспар бойынша жасалып жатқындығын айтқым келеді.

**Шешім:** «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты қолданыстағы ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру жұмыстары, оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістерін және құралдарын жобалау жұмыстары, Аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары, қазан айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс  
даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитет төрағасы:**



**О.Д.Меирбекова**